

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
ТОМ 80 НӨМІРІ 4(2025), 469-488

ӘОЖ 342.4
ҒТАМР 10.15.01
DOI 10.52026/2788-5291_2025_80_4_469
Ғылыми мақала

© Д.Б. Махамбетсалиев¹, 2025

¹«Crown Study and Travel» жеке кәсіпкерлік мектебі, Алматы, Қазақстан
(e-mail: 1makhambetsaliyev98@gmail.com)

СОТ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛАРДЫ ТАЛДАУ

Аннотация. Мақалада конституциялық құқық ғылымындағы сот интерпретациясының эволюциясы үш негізгі теория аясында қарастырылады: анықтау теориясы, құру теориясы және проблемалық аймақтардағы құру теориясы. Бұл теориялар сот қызметінің құқықтық нормаларды түсіндірудегі рөлін аша отырып, құқықтық интерпретацияның әдіснамалық негіздерін сипаттайды. Анықтау теориясы құқықтық нормалардың объективті мәні бар екенін және соттың міндеті оны табу және жария ету екенін алға тартады. Құру теориясы құқық нормасының бастапқы мағынасы жоқ екенін және оны соттың интерпретациялық қызметі арқылы қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. Проблемалық аймақтардағы құру теориясы осы екі тәсілдің арасындағы аралықты толтырып, соттардың құқықтық олқылықтарды толтырудағы рөлін ерекше атап өтеді.

Анықтау теориясы құқықтық нормалардың объективті және алдын ала анықталған мағынасы бар деп есептейді. Бұл теорияға сәйкес, судьяның рөлі тек осы мәнді интерпретация арқылы табу және тұжырымдау болып табылады, ал құқықтық шығармашылыққа орын берілмейді. Анықтау теориясы құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және судьяның шешімдеріне объективтілік енгізуге бағытталған.

Құру теориясы бұл көзқарастан түбегейлі ерекшеленеді, себебі ол судьяға құқық шығармашылық рөлін береді. Бұл теорияда интерпретация тек норманың мазмұнын ашу құралы ғана емес, сондай-ақ жаңа құқықтық нормаларды қалыптастырудың тетігі ретінде қарастырылады. Әсіресе, құқықтық алшақтық жағдайында судьяның белсенді рөлі ерекше маңызға ие болады, өйткені ол құқықтық жүйенің олқылықтарын толтыру үшін жаңа нормаларды жасайды.

Проблемалық аймақтардағы құру теориясы екі көзқарастың арасындағы аралық ұстанымды білдіреді. Бұл теория судьялар жаңа нормаларды тек позитивті құқық айқын және нақты жауап бере алмаған жағдайларда қалыптастырады деп тұжырымдайды. Бұл тәсіл құқықтық жүйенің икемділігі мен құқықтық реттеудің жеткіліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған, сонымен бірге судьяның шығармашылық рөлін тек қажетті шеңберде шектеуге тырысады.

Түйінді сөздер: сот интерпретациясы, конституциялық құқық, анықтау теориясы, құру теориясы, интерпретацияның проблемалық аймақтары, сот төрелігінің эволюциясы.

Кіріспе

Құқықтық мәтіндерді түсіндіру өкілеттігі немесе құқығы *ipso facto* белгілі бір субъектілердің айтарлықтай кең шеңберін қамтиды. Бұл тек сот органдарымен шектелмей, сонымен қатар атқарушы және заң шығарушы биліктің өкілдерін, заңгерлерді, қоғамдық ұйымдарды және кей жағдайда қарапайым азаматтарды да қамтиды. Осы тұрғыда, белгілі бір субъект жүзеге асыратын құқықтық интерпретация оның заңдық мәртебесіне және ерекшеліктеріне байланысты өзгешеленеді. Атап айтқанда, бұл интерпретацияның міндеттілігі, заңды күші, уақыттық және кеңістік шегіндегі ықпалы, сондай-ақ адамдар тобына қатысты әрекет ету аясы сияқты сипаттарынан көрініс табады.

Бұл зерттеуде конституциялық түсіндіру субъектісі ретінде конституцияға ресми түсініктеме беруге өкілеттігі бар, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру барысында конституцияның мазмұнын ашуға байланысты міндеттерді атқаратын орган қарастырылады. Мұндай міндеттерге абстрактілі және нақты конституциялық нормаларды бақылау, өкілеттіктер шегіне қатысты дауларды шешу, сондай-ақ конституцияның өзге де аспектілерін түсіндіру жатады. Әдетте, мұндай субъектілер конституциялық бақылауды жүзеге асыратын сот немесе квази-сот органдары болып табылады.

Ғылыми әдебиетте конституциялық бақылау органдарының интерпретациялық өкілеттіктеріне қатысты екі қарама-қарсы көзқарас қалыптасқан. Бірқатар авторлар бұл өкілеттіктерді конституцияны ресми түсіндіру мүмкіндігі ретінде оң бағалап, олардың маңыздылығын ерекше атап өтеді. Сонымен

қатар, басқа зерттеушілер мұндай өкілеттіктерді конституциялық бақылау органы үшін әлеуетті тәуекел көзі деп есептейді және оларды жүзеге асыру барысында конституциялық сот төрелігін саясаттандыру қаупіне назар аударады. Осылайша, бұл мәселе ғылыми және практикалық тұрғыдан күрделі әрі көпқырлы сипатқа ие [1, с. 89].

Әдістер мен материалдар

Бұл мақалада құқықтық зерттеудің заманауи тәсілдері негізінде бірнеше әдіснамалық құралдар қолданылды. Атап айтқанда: аналитикалық әдіс, салыстырмалы-құқықтық әдіс, тарихи-құқықтық әдіс, формальды-құқықтық әдіс, салыстырмалы түсіндіру әдістері қолданды.

Нәтижелер мен талқылау

Конституциялық құқық ғылымында соттың құқықты түсіндіру функциясының табиғатын сипаттайтын сот интерпретациясының үш негізгі теориясы қалыптасқан. Бұл теорияларға келесілер жатады:

Анықтау теориясы – түсіндіруді мағынаны анықтау процесі ретінде қарастырады. Бұл теория құқықтық норманың мазмұнын дәл әрі объективті түрде ашуға негізделеді және құқықтың бастапқы мәтінде көзделген мағынаны анықтауды мақсат етеді.

Құру теориясы – түсіндіруді мағынаны жасау немесе құру процесі ретінде түсіндіреді. Бұл теория құқықтық норманы қайта қалыптастыру немесе оны қазіргі әлеуметтік және құқықтық контекстке бейімдеу қажеттілігін мойындайды.

Проблемалық аймақтардағы құру теориясы – құқықтық мәселелер туындаған жағдайда

мағынаны анықтауды қамтитын аралық тәсілді ұсынады. Бұл теория құқықтық нормаларды қолдану барысында туындайтын проблемалық жағдайларда соттың мағынаны айқындау және оны бейімдеу рөлін ерекшелейді.

Түсіндірудің осы теориялары белгілі бір спектрді құрайды. Оның бір шетінде анықтау теориясы орналасып, түсіндіруді тек мағынаны айқындау ретінде қарастырса, екінші шетінде құру теориясы тұр, онда түсіндіру мағынаны жасау немесе қайта құру ретінде түсіндіріледі. Бұл екі шектік көзқарастың арасында проблемалық аймақтардағы құру теориясы орын алады, ол құқықтық мәселелер туындаған кезде мағынаны анықтау ретінде түсіндірудің аралық тұжырымдамасын білдіреді.

Анықтау теориясы құқықтық норманың мағынасы бастапқыдан қалыпты жағдайларда өзінің табиғатына имманентті деп тұжырымдайды. Бұл теорияға сәйкес, судья құқықтық норманың мағынасын жасамайды, тек оны объективті түрде табады және жариялайды. Себебі қалыпты және бастапқыдан бар нәрсені қайта жасау мүмкін емес деп есептеледі. Судьяның негізгі міндеті – құқықтық норманы заң шеңберінде және ресми заңдылық қағидаттарынан ауытқымай түсіндіру.

Бұл теория бойынша, судья қабылдаған шешімнің мәні – құқықтық норманы ашып көрсету және оның мазмұнын түсіндіруде жатыр. Судья заңнан тыс әрекет ете алмайды, оның функциясы тек құқықтық норманың объективті мағынасын табуға және шешім қабылдау үшін қажет ережені нақтылауға бағытталған. Мұндай процесс шығармашылық немесе

жаңа құқықтық мағынаны құру емес, тек бар құқықтық шындықты анықтау және оны жария ету болып табылады.

Тіпті кейінгі сот шешімі алдыңғы шешімді жоққа шығарған жағдайда да, жаңа шешім алдыңғы шешімнің қателігін мойындаудан гөрі оның заңды мәртебесінің өзгерісін айқындайды. Бұл ретте жаңа шешім құқықтық норманың бұрынғы интерпретациясын толықтай жоққа шығармайды, керісінше, оны өзгеше қырынан ашып көрсетеді. Осылайша, анықтау теориясы құқықты түсіндіруді шығармашылық немесе құру процесі емес, құқықтық норманың объективті мағынасын анықтау және ашу ретінде сипаттайды.

Анықтау теориясы шеңберінде құқықтық норманы түсіндіру оның мағынасын түсіну және мазмұнын объективті түрде көрсету ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл норманың мағынасын танылатын және сипаттауға келетін объективті құбылыс ретінде қабылдайды. Демек, түсіндіру процесі танымдық сипатқа ие болып, судьяның құқықтық норманың бастапқы мәнін қалпына келтіру міндетін атқаруын білдіреді.

Бұл теорияда судьяның рөлі ерекше түрде анықталады. Оған сәйкес, судья тек құқықтық норманың ішкі мағынасын ашатын «заңның оракулы» ретінде әрекет етеді (У.Блэкстоунның тұжырымдамасы). Бұл тұрғыда судья заң шығарушының бастапқы ойын қалпына келтіреді және оны құқықтық шындыққа сәйкес жүзеге асырады (Ф.К.фон Савиньи).

Осылайша, судьяның қызметі шығармашылықтан гөрі құқықтық норманың мазмұнын объективті тануға және нақтылауға негізделген таным процесі ретінде көрінеді.

Анықтау теориясы құқықтық норманы заң шығарушының еркі ретінде абсолютті түрде қабылдайды және сот қызметін норманың мағынасын анықтау мен оны нақты іс жағдайларына қолдану тұрғысынан механикалық, логикалық операцияға дейін шектейді. Бұл теорияға сәйкес, соттың рөлі тек қолданыстағы құқық нормасын дәл анықтау, оның объективті мағынасын ашу және оны жариялау (түсіндіру және нақтылау) болып табылады.

Соттың функциясы дедуктивті принципке негізделеді және силлогизм түрінде жүзеге асырылады: норма – фактілер – шешім. Осы логикалық құрылымда сот мынадай кезеңдерді жүзеге асырады:

1. Қолданыстағы нормаларды талдау және олардың мазмұнын анықтау;

2. Нормаларды түсіндіру арқылы олардың нақты мазмұнын нақтылау және ресми жария ету;

3. Іс бойынша фактілерді зерттеу және бағалау;

4. Нормаларды анықталған фактілерге қолдану;

5. Істің мән-жайларын құқықтық норманың мазмұнына сәйкестігін айқындау.

Осылайша, сот процесінде құқықтық нормалар мен нақты фактілер арасындағы байланыс дедуктивті негізде анықталып, шешімнің объективті және құқықтық негізділігі қамтамасыз етіледі. Бұл теория сот қызметін шығармашылықтан ада, тек объективті құқықты қолдану және түсіндіру актісі ретінде қарастырады [2, с. 283].

Судьяның қызметі классикалық силлогизмге негізделеді, мұнда үлкен алғышарт ретінде жалпы құқықтық норма, кіші алғышарт ретінде нақты құқыққа қайшы не-

месе құқыққа сәйкес әрекет қарастырылады, ал қорытынды ақтау немесе жаза түрінде шығарылады. Бұл тәсіл сот қызметінің логикалық және құқықтық құрылымын анықтай отырып, оның негізділігін қамтамасыз етеді.

Алайда, егер судья құқықтық норманы қолдану барысында бір емес, екі немесе одан да көп силлогизм құруға мәжбүр болса, бұл құқықтық белгісіздікке әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда судьяның әрекеті объективтілік шегінен шығып, субъективті интерпретацияның мүмкіндігі артады. Бұл құқықтық процесте сенімсіздік пен түсінбеушілікке себеп болуы мүмкін.

Дегенмен, анықтау теориясының қағидаларына сәйкес, судьяның рөлі тек азаматтардың нақты әрекеттерін талдаумен және олардың қолданыстағы жазбаша заң нормаларына сәйкестігін бағалаумен шектелуі тиіс. Бұл тұрғыда судьяның міндеті – құқықтық нормаларды шығармашылықпен өзгерту емес, тек оларды объективті қолдану және заңның мәнін ашу болып табылады.

Судья заңды оның тура мәтініне сәйкес сөзбе-сөз түсіндіруге міндетті, себебі бұл тәсіл судьяның субъективті ерекшеліктерінен туындайтын сот озбырлығының алдын алудың басты кепілі болып табылады. Мұндай субъективтіліктің негізінде судьяның логикалық қателіктері, жеке көңіл-күйі, денсаулық жағдайы немесе тараптарға деген эмоционалдық көзқарастары сияқты факторлар жатуы мүмкін. Егер заңның рухына емес, тек судьяның ішкі сезімдері мен құмарлықтарына негізделген түсіндіру орын алса, ол заңды бұрмалауға және әділетсіз шешімдер қабылдауға әкелуі мүмкін.

Заңның тура мағынасын сақтау судьяны оның ішкі идеялары мен уақытша қыңырлығынан туындайтын ықтимал қателіктерден қорғайды. Судьяның шешімдеріне нық негіз беру және оның заңдылығының тұрақтылығын қамтамасыз ету тек заңның айқын әрі тұрақты мәтініне сүйену арқылы мүмкін болады. Сондықтан судьялар өз интерпретациясында заңның тұрақты және бейтарап даусын басшылыққа алуы тиіс және субъективті түсіндірудің өзгермелі әсеріне бой алдырмауы қажет.

Ч. Беккарияның көзқарасы бойынша, заңның тура мәтінін қатаң ұстану барысында пайда болуы мүмкін кемшіліктер, түсіндірудің субъективтілігінен туындайтын қауіптермен салыстырғанда, әлдеқайда аз зиянды. Алғашқылары заң мәтініне қажетті өзгерістер енгізу арқылы оңай түзетіле алса, соңғылары сот озбырлығына алып келіп, құқықтық тәртіптің негіздеріне зиян тигізуі мүмкін. Осылайша, заңның әрпін дәл орындау құқықтық тұрақтылық пен әділеттіліктің негізгі шарты ретінде қарастырылады [3, с. 92].

Англияда анықтау теориясы Уильям Блэкстоунның идеялары негізінде кең қолдау тапты. Ол судьяларды патшалықтың негізгі заңдарының басты қорғаушысы ретінде сипаттай отырып, олардың құқықтық жүйедегі маңызды рөлін айқындады. Блэкстоунның пайымдауынша, судьялар – заңдардың сақтаушылары және елдің құқықтық тәртібінің тірегі. Олар күмәнді жағдайларда шешім қабылдауға және елдің заңына сәйкес әрекет етуге ант берген, заңның тірі оракулдары ретінде қарастырылады.

Судьялардың құқық туралы білімдері олардың тәжірибесі мен

құқықты терең зерттеуіне негізделеді. Олардың басты міндеті – құқықтық әдет-ғұрыптар мен қағидаттардың дұрыстығын анықтап, оны объективті түрде көрсету. Блэкстоунның пікірінше, сот шешімдері жалпы құқықтың ажырамас бөлігі болып табылатын әдет-ғұрыптардың өміршеңдігі туралы ең беделді әрі негізгі дәлел ретінде қызмет етеді. Дегенмен, сот шешімдерінің құқықтың қайнар көзі ретінде емес, оның бар екендігін растайтын құрал ретінде қарастырылуы маңызды.

Осылайша, судья құқықтық дереккөздер арасында қолданыстағы құқықты анықтап, оны жариялауға міндетті. Судьялар құқықтың сақталуын қамтамасыз ету, оның мазмұнын табу, оны нақты қолдану және құқықтың бар екенін растау жауапкершілігін мойнына алады. Бұл ретте судьяларға заңды еркін түсіндіруге, оны өз қалауынша дамытуға немесе оған өзекті мағына беруге рұқсат етілмейді. Судья құқық жасамайды; оның рөлі қолданыстағы құқықты декларациялаумен шектеледі – яғни, құқықты анықтау және жария ету.

У. Блэкстоунның декларативті теориясында өзіндік парадокс байқалады. Бір жағынан, бұл теория бойынша судьялар құқықты шығармайды, тек оның объективті бар екенін анықтап, ашады деп көрсетіледі. Екінші жағынан, егер құқықтың бұрынғы интерпретациясы дұрыс емес деп танылса, бұл жағдай жаңа құқықтық шешімнің қабылдануына әкеледі. Бірақ мұндай өзгеріс құқықтық норманың бастапқы мазмұнын қайта қарастырудан гөрі, бұрынғы шешімнің қателігі ретінде қарастырылады. Нәтижесінде, жаңа интерпретация бұрынғы шешімді

түзеткенін немесе өзгерткенін көрсету мақсатында емес, құқықтың бастапқы, дұрыс мағынасын қалпына келтіру актісі ретінде түсіндіріледі [4, p. 173].

Судьялар құқықты механикалық түрде анықтап, жариялауға ғана емес, оны нақты әлеуметтік контекст пен құқықтық мәселелердің эволюциясына сәйкес икемдеп қолдануға бет бұра бастады. Бұл процесс құқықты түсіндіру тәсілдерінің тереңірек және икемдірек болуын талап етіп, анықтау теориясының абсолюттілігіне сын көзбен қарауға алып келді. Осылайша, АҚШ-тың құқықтық жүйесінде теория бірте-бірте өзінің бастапқы ықпалын жоғалтып, құқықты түсіндірудің жаңа парадигмалары қалыптаса бастады.

А.Гамильтонның көзқарасы бойынша, соттар өз қызметінде заңдардың мағынасын анықтап, соған сәйкес шешім қабылдауы тиіс, алайда ешбір жағдайда жеке ерік-жігерін білдірмеуі керек. Егер соттар өздерінің пікірін заң шығарушы органның конституциялық ниеттерімен алмастырса, бұл заңдарды қолданудан бас тартудың қауіпті салдарына алып келуі мүмкін деп санайды. Мұндай жағдай, әсіресе, бір-біріне қайшы келетін екі жарғының қатар өмір сүруінде немесе кез келген заң актісін қолдану кезінде туындауы ықтимал.

Гамильтонның пікірінше, соттардың негізгі міндеті – заңдардың мағынасын ашып, оны жариялау. Егер соттар бұл қызметті жеке ерік-жігерге негізделген шешімдермен алмастырса, олардың үкімдері заң шығарушы органның көзқарасын өз пікірімен алмастыру нәтижесінде құқықтық тәртіпке қауіп төндіреді. Мұндай әрекеттер соттар-

дың өзінің шекарасынан шығып, іс жүзінде заң шығарушы органның функцияларын қайталауының айқын дәлелі болар еді [5, с. 504].

Осылайша, Гамильтон соттардың рөлін нақты шектеуді талап етеді: олардың басты міндеті – құқықты түсіндіру және заңдардың объективті мағынасын қалпына келтіру, бірақ ешқашан ерік-жігер көрсету арқылы құқықтық процесті бұрмаламау. Бұл тәсіл соттар мен заң шығарушы биліктің конституциялық тепе-теңдігін сақтауға бағытталған маңызды қағида болып табылады.

Мұндай тәсіл американдық сот тәжірибесінде де көрініс табады. АҚШ Жоғарғы Сотының бас судьясы Джон Маршаллдың бір шешімінде сот билігінің рөлі айқын сипатталған: «Сот билігі заң күшіне қарсы әрекет ету құқығына ие емес. Соттар тек заңның құралы болып табылады және өз еріктерін білдірмейді. Егер оларға қандай да бір ерік-жігерді жүзеге асыру жүктелсе, ол тек заңда айқын көрсетілген ерік-жігерді жүзеге асыру болып табылады, және бұл ерік заңмен белгіленген бағытты тану арқылы ғана жүзеге асырылады.

Заң айқын танылған жағдайда, сот оны қатаң ұстануға міндетті. Сот билігі ешқашан судьяның жеке еркі үшін әрекет етпейді, ол әрдайым заң шығарушы органның еркін, яғни заңның еркін орындау мақсатында әрекет етеді»¹.

Бұл ұстаным Джон Маршаллдың басшылығымен АҚШ Жоғарғы Сотының алғашқы жылдарында жүргізілген белсенді және еркін интерпретациялық тәжірибелермен сәйкес келмейтінін атап өту маңызды. Дәл осы кезеңде соттың конституциялық бақылау

¹ Osborn v. Bank of the United States, 22 U.S. 738 (1824) // URL: <https://supreme.justia.com/cases/>

өкілетті жарияланып, құқықты түсіндірудің «тірі Конституция» доктринасының негізі қаланды. Бұл доктрина Конституцияны заманауи қоғамдық қажеттіліктер мен жағдайларға бейімдеп түсіндірудің маңызды тәсіліне айналды.

Бұл ұстанымға байланысты Жоғарғы Соттың тағы бір беделді судьясы Бенджамин Кардозо пікір білдіре отырып, былай деп жазды: «Бұл қағида өте жарасымды естіледі; әдемі әрі ықшам түрде айтылған; бірақ ол ешқашан шындықтан алыс болған емес. Маршаллдың әрекеттерінің өзі бұл идеалға адам мүмкіндіктерінің шектеулілігі себепті жете алмайтынымыздың айқын мысалы болып табылады» [6, с. 19].

Кардозоның бұл пікірі сот билігінің шынайы табиғатын аша түседі: құқықты түсіндіру барысында судьялар заңның статикалық мәтіні мен қоғамның динамикалық қажеттіліктері арасында тепе-теңдікті табуға мәжбүр. Бұл көзқарас соттардың конституциялық бақылау және құқықтық интерпретация саласындағы шығармашылық рөлін айқындайды. Сонымен бірге ол құқықты сөзбесөз түсіндірудің шектеулерін көрсетіп, құқықтың икемділігі мен бейімделгіштігінің маңыздылығын дәлелдейді.

Шетелдік құқықтық доктринада анықтау теориясының модификацияланған нұсқасын Рональд Дворкин қолдайды. Ол заңның кемшілігін, судьялардың субъективті қалауын және соттың құқық нормаларын құру мүмкіндігін түбегейлі жоққа шығарады. Дворкиннің тұжырымдауынша, құқық ешқашан бос кеңістік ретінде қарастырылмайды, тіпті заңнамада олқылықтар болған жағдайда да.

Судьяның міндеті – қолданыстағы құқықты қолдану, бірақ оны өз еркімен жасауға жол бермеу.

Р. Дворкиннің пайымдауынша, кез келген даулы құқықтық мәселенің дұрыс жауабы бастапқыда құқықтың өзінде бар. Бұл жауап құқықтың негізін құрайтын принциптердің болуына байланысты, олар судьяға ең күрделі істерді шешуге мүмкіндік береді. Судьяның міндеті – осы жауапты моральдық принциптер мен құқықтың позитивті нормалары арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып табу.

Қиын істерде, яғни позитивті құқық нормаларының тікелей реттеуі жоқ жағдайларда, судьялар жаңа құқық жасамайды. Оның орнына, олар құқықта бар, бірақ тікелей көрінбейтін теріс (имплицитті) принциптерді қолданады. Бұл тәсіл құқық жүйесінің ішкі үйлесімділігі мен моральдық негіздерін сақтай отырып, оны белгілі бір жағдайларға икемдеп түсіндіруге мүмкіндік береді [7, р. 125].

Дворкиннің теориясы құқықтық шешімдердегі объективтілікті қамтамасыз етуге бағытталған және судьяның рөлін құқықты танушы әрі түсіндіруші ретінде шектейді, бірақ оны құқықтық жүйені бейімдеуші моральдық принциптерді қолданушы ретінде күшейтеді. Бұл көзқарас құқықтың тұрақтылығы мен икемділігінің үйлесімділігін қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Анықтау теориясы құқықты түсіндірудің шектеулі тәсілі ретінде белгілі бір дәрежеде сын тудырады. Судьялардың заңдарды тек механикалық тұрғыдан қолдануы туралы идея теориялық тұрғыдан тиімді болып көрінгенімен, ол нақты жағдайларда бірқатар шектеулерге тап болады. Бұл тәсіл заңдардың нақты тұжырымдалып,

түсінікті тілде жазылғанын, егжей-тегжейлі реттеу қамтылғанын және әрбір жеке істің шешімін заңның өзінен табуға мүмкіндік беретіндей деңгейде толыққанды екенін болжайды.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, мұндай заңнама іс жүзінде жоқ және болуы мүмкін емес. Ең мұқият дайындалған заңдардың өзінде барлық ықтимал жағдайларды қамту мүмкін емес, себебі өмірлік жағдайлардың алуан түрлілігі шексіз. Оның үстіне, заңнаманы шектен тыс нақтылықпен жазуға ұмтылу құқық жүйесін шамадан тыс күрделілендіріп, оның икемділігін төмендетуі мүмкін.

Осы тұрғыда құқықтық реттеудегі кемшіліктерді толтыру және нақты істерді шешуде әділеттілікті қамтамасыз ету қажеттілігі судьялардың тек құқық нормаларын механикалық қолданумен шектелмей, құқықтық интерпретация арқылы құқықты дамытуға үлес қосуын талап етеді. Бұл заңдардың тұрақты эволюциясы мен құқық жүйесінің бейімделгіштігін қамтамасыз ететін маңызды процесс болып табылады.

Сонымен қатар, анықтау теориясының белгілі бір артықшылықтары да бар. Бұл теория сот қызметін түсіндіру арқылы сот билігінің қоғамдық сенімін нығайтуға ықпал етеді, өйткені ол соттың рөлін құқық шығарушылықпен емес, құқықты қолданумен байланыстырады. Судья, бұл тұжырымдамаға сәйкес, Парламент қабылдаған заң нормаларына адал болып, өзінің қалауын емес, тек құқықтық нормалардың мазмұнын басшылыққа алады.

Анықтау теориясы судьяның өкілеттіктерін нақты шектейді, осылайша оның құқықтық шеңберден шығып, өз өкілеттігін асыра пай-

далануына жол бермейді. Бұл теорияның сот қызметіндегі пассивтілік пен ұстамдылық қағидаттарына негізделуі сот билігінің теріс пайдаланылуының алдын алу үшін маңызды. Судья құқықтық нормаларды механикалық түрде қолдануға бағытталған шектеулі қызмет атқарады, бұл оның шешімдеріне объективтілік пен құқықтық негізділік береді.

Анықтау теориясын ұстанатын судья құқықтық жүйедегі тұрақтылық пен сабақтастықты қамтамасыз ететін ұстамды тұлға болып табылады. Ол өз қызметін заң шығарушы органның еркіне сүйене отырып, құқықтың тура мәтінімен шектейді және құқықтық процесте субъективтіліктің пайда болуына жол бермейді. Осылайша, бұл теория құқықтың үстемдігін сақтауға және соттың әділетті әрі бейтарап орган ретінде рөлін нығайтуға бағытталған.

Анықтау теориясы құқықты түсіндірудің өзіне тән шектеулері арқылы заңды эволюциялық тұрғыдан қарама-қарсы теорияның – судьяның заң шығару қызметін тікелей және ашық түрде мойындайтын теорияның пайда болуына ықпал етті. Бұл көзқарас ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында Еуропа мен АҚШ-та кең тараған сот тәжірибесінің сынынан туындады. Судьялардың қызметін тек механикалық әрекет ретінде сипаттайтын анықтау теориясына қарсы көптеген идеялар пайда болып, сот қызметін құқық жасау процесі ретінде қарастыруды ұсынды.

Бұл жаңа тәсіл бойынша, судьялар құқықтық олқылықтарды толтырып, құқықты қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы құқық құрушы ретінде

әрекет етеді. Осы тұжырымдама сот билігінің құқық жүйесін дамытудағы шығармашылық рөлін айқындайды. Алайда, сот қызметін заң шығару ретінде сипаттау қазіргі құқықтық доктринада да кездесетін болса да, мұндай көзқарастың тым радикалды екенін көпшілік мойындайды.

Бұл идеялар соттың рөлін механикалық шектеулерден босатып, оны құқықтық жүйенің икемді әрі бейімделгіш бөлігі ретінде қарастыруға ықпал етті. Дегенмен, құқықты құрушы ретінде соттың рөлін асыра бағалау құқықтық жүйедегі билік тармақтарының тепе-теңдігі мен сот шешімдерінің заңдылығына қауіп төндіруі мүмкін екенін ескеру қажет. Осылайша, құқықтық ғылымда сот қызметінің рөлі мен шекараларын түсінуге қатысты ұстанымдардың әртүрлілігі әлі де талқылануда.

Құру теориясы құқық нормасының бастапқыда айқын және бекітілген мағынасы болмайды деп тұжырымдайды, ал бұл мағынаны судья өзінің түсіндіруі арқылы қалыптастырады. Бұл теорияға сәйкес, құқықтық нормалар тек соттың интерпретациясының нәтижесінде ғана мазмұн мен мағынаға ие болады. Басқаша айтқанда, құқықтың мәні түсіндіру процесінде пайда болады және оның нақты мазмұны судьяның интерпретациялық қызметінің жемісі болып табылады.

Құру теориясы түсіндіруді норманың мәнін анықтау және қалыптастыру ретінде түсінеді. Бұл тұрғыда түсіндіру тек құқық нормасын қолдану ғана емес, сондай-ақ судьяның ерік-жігері мен шығармашылық қызметінің көрінісі болып табылады. Бұл тәсіл құқық нормасының объективті мағынасы жоқ деген болжамға

негізделеді, сондықтан оны сипаттау мүмкін емес; оны тек белгілі бір жағдайларға байланысты анықтау және қалыптастыру мүмкін.

Құру теориясы судьяны құқықты тек ашушы немесе қолданушы емес, құқықты қалыптастырушы ретінде сипаттайды. Бұл тәсіл соттың рөліне икемділік пен шығармашылық элементтерді енгізу арқылы құқықтық жүйенің дамуы мен бейімделуін қамтамасыз етеді. Дегенмен, мұндай көзқарас құқықтық тұрақтылық пен объективтілік мәселелерін туындатуы мүмкін, себебі құқықты түсіндіру көбіне субъективті сипат алуы ықтимал.

Судьяның басты міндеті – құқық құру, бұл оны қарапайым заң шығарушыдан айтарлықтай айырмашылығы жоқ тұлға ретінде сипаттайды. Судья саясаттың негізгі бағыттарын анықтап, қоғамдық консенсусты бағалай отырып, осы бағалауларға сәйкес міндетті нормаларды қалыптастырады. Бұл тұрғыда судья тек құқықтық нормаларды түсіндірумен немесе қолданумен ғана шектелмейді. Оның қызметі құқықтық нормалардың тиімділігі мен орындылығын қамтамасыз ету үшін саяси мақсаттар мен стратегияларды, қоғамдық мүдделер мен қажеттіліктерді ескеруге бағытталған.

Құру теориясы құқықтық жүйенің икемділігі мен бейімделгіштігін қамтамасыз етуге бағытталғанымен, ол құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен объективтілігіне қатысты сұрақтарды да туындатады. Судьяның саяси рөлінің күшеюі билік тармақтарының бөлінісі мен соттың бейтараптығына ықпал етуі мүмкін. Осылайша, бұл теория құқықтың дамуына ықпал ететін құрал бола отырып, сот билігінің шекаралар-

ын қайта қарауға негіз болады.

Құру теориясы сот қызметін шығармашылық процесс ретінде қарастырады және оны нақты жағдайларға құқықтық норманы механикалық түрде қолдану арқылы шектеуді қабылдамайды. Бұл теорияның негізінде соттың құқық қолдану процесін тек логикалық құрылыммен сипаттаудан бас тарту идеясы жатыр, мұнда дәстүрлі «нормалар – фактілер – шешім» силлогизмі жеткіліксіз деп есептеледі.

Оның орнына, «ынталандыру – судьяның жеке басы – шешім» түріндегі жаңа тәсіл ұсынылады, мұнда шешім судьяның тұлғалық қасиеттеріне және оның қабылдауына әсер ететін ынталандырулар арқылы қалыптасады. Бұл тұжырымдама судьяның құқықтық интерпретация процесіндегі субъективті рөлін мойындайды және соттың шешім қабылдауындағы әлеуметтік және жеке факторлардың маңыздылығын көрсетеді. Құру теориясы сот қызметін стандартты құқықтық процедурадан гөрі тереңірек және икемдірек процесс ретінде сипаттай отырып, құқықтық жүйенің шындыққа жақындығын арттырады [8, p. 144].

И. Бентам декларативті теорияға өткір сын айтты және судьялардың құқық құрушы ретіндегі рөлін ашық мойындады. Оның пікірінше, жалпы құқық объективті түрде табылмайды, керісінше, оны судьялар өз қызметінде қалыптастырады. Бентамның айтуынша, бұл процесс «патшасыз, парламентсіз немесе халықсыз» жүзеге асады, яғни құқық жасаудың жауапкершілігі толығымен судьяларға жүктелген.

Ол Коктан Блэкстоунға дейінгі құқық теоретиктерінің «судьялар

тек құқықты ашады, бірақ оны жасамайды» деген тұжырымдарын жоққа шығарды. Бентам: «Егер құқықты судьялар жасамаса, онда кім жасайды? Парламент пе? Жоқ, өйткені бұл жағдайда ол жалпы құқық емес, жарғылық құқық болады. Демек, құқықты жасаушы судьялардың өзі!» – деп атап көрсетті. Бұл көзқарас соттардың құқықтық жүйедегі белсенді және шығармашылық рөлін мойындауға негізделген жаңа тәсілдің қалыптасуына ықпал етті.

У. Блэкстоунның декларативті теориясын сынға алған және жаратылыс теориясын қолдаған Дж. Остин, И. Бентамнан ерекшелігі, жалпы құқықтың өзіне қарсы шыққан жоқ. Алайда, ол декларативті теорияны өткір сынап, оны «балалар ертегісі» деп атады. Остиннің пікірінше, бұл теория шындыққа жанаспайды, өйткені құқықтың мәңгілік бар екенін және судьялар тек оны анда-санда жариялап отыратынын көрсететін идеялар құқықтық жүйенің табиғатын терең түсінбеуінен туындайды.

Остин сот заңын әдет-ғұрыппен тәжірибеге негізделген және соттың тану нәтижесінде құқықтық нормаға айналған ережелер ретінде сипаттады. Оның айтуынша, мұндай ережелер судьялар тарапынан *ex proprio arbitrio* – яғни, олардың құқықта не болуы керектігі туралы өз пайымдарына сәйкес қалыптасады. Бұл критерийлер пайдалық қағидаты немесе басқа да негіздер болуы мүмкін. Ережелерді қалыптастыруда судьялар ұқсастық пен қорытынды әдістерін қолданады, осылайша құқықтық жүйенің дамуына ықпал етеді. Бұл тәсіл соттардың құқық шығармашылық рөлін мойындап, олардың шешім қабылдау еркіндігі

мен кәсіби тәжірибесіне үлкен мән береді [9, p. 190].

1803 жылы «Мэрбери Мэдисонға қарсы»² іс бойынша қабылданған шешім АҚШ Жоғарғы Сотының тарихи маңызы бар ең көрнекті қаулыларының бірі болып табылады. Бұл шешімде Бас судья Джон Маршалл американдық конституциялық құқықта конституциялық бақылау институтының бар екендігін анықтап, оның өкілеттіктерінің мәнін ашып көрсетті. Атап айтқанда, Маршаллдың пікірінше, сот органына қаралып отырған заңды конституцияға қайшы деп тану құқығы берілген. Бұл қағида сот билігінің АҚШ-тағы құқықтық жүйедегі ерекше рөлін айқындап, конституциялық бақылау өкілеттігін Жоғарғы Соттың қызметінде бекітті.

Джон Маршалл жаңа сот өкілеттіктерін негіздеу үшін екі негізгі дәлел келтірді. Біріншіден, ол «Конституция – бұл қарапайым тәсілдермен өзгертілуі мүмкін емес жоғарғы және негізгі заң» деген қағиданы алға тартты. Осыған сәйкес, «Конституцияға қайшы келетін кез келген заңнамалық актінің жарамсыз екендігі айқын және даусыз, өйткені бұл қағида бұзылған жағдайда, заң шығарушы орган қарапайым акт арқылы Конституцияны өзгертуге қабілетті болып шығады».

Бұл тұжырым, анықтау теориясының негізінде, жазбаша конституцияның американдық құқықтық жүйеде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Маршаллдың пікірінше, жазбаша Конституцияларды қабылдағандар ұлттың іргелі және жоғарғы заңын құруды мақсат етті. Осы себепті, басқарудың теориялық негіздері Конс-

титудияға қайшы келетін кез келген заң шығарушы актіні жарамсыз деп тану қағидасын қамтуы тиіс деп түсіндірілді.

Түсіндіру – бұл мағынаны анықтау немесе көрсету әрекеті. Әр түрлі түсіндіру әдістері әртүрлі нәтижелерге әкеледі, және олардың арасынан белгілі бір әдісті таңдау қажет. Бұл таңдау түсіндіру субъектісінің шешімі арқылы жүзеге асады. Мәтіннің объективті мағынасы заң шығарушының ниетіне тәуелсіз түрде де, оған байланысты түрде де болмайды. Мағынаны тек интерпретация анықтайды; түсіндіру әрекеті орындалғанға дейін мәтін мағынасыз деп қарастырылады және тек интерпретацияның нәтижесінде ғана мазмұндық мәнге ие болады. Осылайша, мәтіндік тұжырымдар тек түсіндіру арқылы мағыналылыққа ие бола алады.

Соттар заңдардың қолданылуын бақылау және оларды түсіндіру функцияларын жүзеге асырады, бұл оларға шектеулі заң шығарушы өкілеттіктер береді. Дегенмен, бұл өкілеттіктер толыққанды заң шығарушы билік болып табылмайды, себебі соттар тек бар заңдарды қолдану және түсіндірумен шектеледі. Сонымен қатар, соттардың қабылдаған шешімдері заң шығарушы органың жаңа құқықтық нормалар қабылдауы арқылы өзгертілуі немесе жойылуы мүмкін.

Американдық құқықтық реализм мектебі мен оның ізбасарларының интерпретациясындағы құру теориясы құқықты тек сот қызметінің нәтижелерімен шектеу арқылы құқықтың мазмұнын тарылтады, сондай-ақ ресми түрде белгіленген құқықтың рөлін тек заң-

² Marbury v. Madison, 5 U.S. 1 Cranch 137 137 (1803) // URL: <https://supreme.justia.com/cases/federal/us/5/137/> (date of reference: 19.12.2024).

ды мәтіндермен шектейді. Бұл көзқарас құқықтық қызметтің шынайы табиғатын толық көрсетпейді және сот қызметі мен түсіндіру әрекеттерінің жеткілікті сипаттамасын қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар, мұндай радикалды тәсіл нормативтік ұстанымдарға қайшы келіп, билікті бөлу жүйесіндегі институционалдық құрылымдар мен олардың байланыстарын елемейді. Бұл аталған дауларды сотта шешу рөлінің жойылуына, соттардың заң шығарушы органға айналуына және парламенттердің заң мәтіндерін жазумен ғана шектелуіне әкелуі мүмкін.

Құру теориясы қалыпты түсінікте құқықтық тәртіпке елеулі пайда әкеледі. Ол құқықтық жүйедегі мифтерді жоққа шығарып, жалған анықтау теориясына сындарлы қарсы тұрады. Реалистердің ұсынған дәлелдері мен уәждерінен кейін құқықтық жүйеге сыни тұрғыдан қарайтын кез келген заңгер анықтау теориясын жақтаушылардың тұжырымдарын ақиқат деп қабылдамайды және судьялардың құқықты қалыптастыру рөлін мойындаудан бас тартпайды.

Проблемалық аймақтардағы құру теориясы таза құру теориясының шектеулі модификациясы ретінде қарастырылады. Бұл теория құқықты механикалық қолдану кезінде туындайтын қиындықтарға байланысты сот қызметінің нақты аспектілерімен шектеледі. Мұндай мәселелер құқықтағы олқылықтармен, тұжырымдамалардың анық еместігімен және құқық нормалары арасындағы қайшылықтармен түсіндіріледі.

Судьяның қызметі саясатпен айналысуды қамтымайды және

оның негізгі міндеті дауларды шешуді жүзеге асыру болып табылады. Сот қызметінің басты элементі құқық нормаларын қолдану болып табылады. Судья заң шығаруға құқық нормалары нақты жауап бермеген, бірнеше ықтимал жауаптар ұсынған немесе құқықтық жауап анықталмаған жағдайларда ғана жүгінеді. Осыған байланысты, сот ісін жүргізу эпизодтық, кездейсоқ, ad hoc сипатта және қажеттілік туындаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл негізінен күрделі істерге тән.

Проблемалық аймақтардағы құру теориясы бастапқыда мағына немесе норма олқылықтар, қарама-қайшылықтар немесе белгісіздіктер жағдайында болмайды деп пайымдайды және бұл мағына мен норманы судья өзінің интерпретациялық қызметі арқылы қалыптастырады. Норманың немесе мағынаның анықталуы тек мәтіндік талдаумен шектелмей, әртүрлі факторларды ескеру арқылы жүзеге асырылады. Осы себепті, судья құқықтың шынайы жасаушысы рөлін атқарады деп қарастырылады.

Проблемалық аймақтардағы құру теориясы интерпретацияның екі негізгі тұжырымдамасына сәйкес келеді. Біріншіден, ол интерпретацияны олқылықтар, қарама-қайшылықтар мен белгісіздік жағдайында норманың мәнін айқындау үдерісі ретінде қарастырады. Екіншіден, интерпретацияны норманың мазмұнын оның анықтығы, айқындылығы және толықтығы жағдайында түсіндіру және нақтылау үдерісі ретінде түсіндіреді.

Проблемалық аймақтардағы құру теориясы сот құзыретінің шеңберін тек құқық қолданумен шектемейді және судьяның саясатқа шектеулі дәрежеде қаты-

суын қарастырады. Саяси қызмет сот үшін субсидиарлық сипатта болып табылады және тек құқықтық реттеуде мәселелер туындаған жағдайда жүзеге асырылады. Судьяның негізгі міндеті – құқық нормаларын қолдану, алайда сот ісін жүргізу барысында құқықтық мәселе туындаған жағдайда, судья бұл мәселені шешу бойынша қосымша функцияларды атқарады.

Құру теориясы соттың қызметін тек механикалық әрекет ретінде ғана емес, қажет болған жағдайда шығармашылық үдеріс ретінде де қарастырады. Сот қызметінде дәстүрлі құқықтық силлогизм мен құқықты еркін құру әдістері өзара үйлесімде жүзеге асырылады.

Соттың дауды шешуден бас тартуға жол бермеу принципі құқықтық олқылықтар жағдайында еркін шығармашылық интерпретация мүмкіндігінің негізін қалады және бүгінгі күнге дейін бұл тәсіл құқық қолдануда маңызды презумпция ретінде қалыптасты.

Судьялардың декларативті теориядан еркін шығармашылық интерпретацияға және проблемалық аймақтарда құқықты құруға бет бұруын теориялық негіздеудің ең жарқын мысалдарының бірі Франсуа Жени ұсынған құқықты еркін ғылыми (объективті) іздеу теориясы болып табылады. Бұл теория позитивті құқықтың толық, мінсіз және барлық жағдайларды қамти алмайтындығын көрсетеді. Франсуа Жениның пікірінше, позитивті құқықтың кемшіліктері мен олқылықтары құқықтық реттеу процесінде сөзсіз кездеседі.

Судьялар құқықтық мәтіндерде реттелмеген немесе толық қамтылмаған салаларда, яғни құқықтағы олқылықтар орын алған жағдайда, заң шығармашылық қыз-

метін жүзеге асырады. Мұндай олқылықтарды толтыру заң шығарушының еркіне емес, соттың еркін шешімдеріне негізделеді. Сонымен қатар, құқықтағы мәселелердің болуы барлық құқықтық дауларды силлогизм түріндегі дедуктивтік әдіспен шешу мүмкін еместігін көрсетеді, бұл сот қызметінде шығармашылық тәсілдің қажеттілігін негіздейді [10, р. 19].

Заманауи шетелдік құқықтық әдебиетте сот интерпретациясы заң мәтінін жай түсіндірумен шектелмейтін, керісінше құқық жүйесін бейімдеу мен дамыту құралы ретінде қарастырылады. А.Барактың пайымдауынша, судья тек заң шығарушының еркіне тәуелсіз бейтарап орындаушы емес, сонымен қатар демократиялық құндылықтар мен әділет қағидаттарына сай шешім қабылдай алатын құқықтық саясат субъектісі болып табылады. Ол «Судья – тек заңды қолданушы ғана емес, оны қоғам үшін сөйлете алатын тұлға» деп атап көрсетеді [11].

Бұл идеяны С. Сансейн де жалғастыра отырып, құқықтық интерпретация мен саяси процестер арасындағы өзара әрекетті сипаттайды. Оның пікірінше, құқықты түсіндіру – идеологиялық бейтарап әрекет емес, қайта қоғамдық құндылықтар арасындағы тепеңдікті сақтауға бағытталған күрделі шешім қабылдау актісі болып табылады. Бұл тәсіл, әсіресе конституциялық құқық саласында, сот билігінің қоғамдық сенім мен әділеттілікті қамтамасыз етудегі рөлін күшейтеді [12].

Сонымен қатар, конституциялық интерпретациядағы трансұлттық және мәдени өлшем барған сайын маңызды бола түсуде. В. Джексон сот интерпретациясын тек ұлттық деңгеймен шектеу

жеткіліксіз екенін, қазіргі әлемде бұл қызмет халықаралық құқық пен жаһандық нормалармен өзара байланыста жүзеге асуы тиіс екенін алға тартады. Бұл трансұлттық қатынас құқық жүйелерінің бір-біріне әсер етуінің жаңа деңгейін көрсетеді [13].

М. Розенфельдтің зерттеуі де мәдени және тарихи контексттің маңыздылығын дәлелдейді. Оның пікірінше, құқықтық нормалар мен конституциялық мәтіндердің мазмұны тек мәтіннің ішінде ғана емес, сонымен қатар қоғамның тарихи тәжірибесінде, әлеуметтік құрылымында және ұжымдық жадысында да жасалады. Сондықтан судьялардың интерпретациялық қызметі осы факторларды ескеру арқылы ғана толыққанды әрі әділ бола алады [14].

Конституциялық құқық саласындағы сот интерпретациялық қызметінің эволюциясы Конституция нормаларын түсіндіру мен қолдану тәсілдеріндегі әртүрлі мемлекеттердің тәжірибесін зерттеуге негізделеді. Бұл қызмет азаматтардың құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған механизм ретінде маңызды рөл атқарады. Әртүрлі құқықтық жүйелердегі интерпретация әдістерін салыстырмалы түрде талдау Қазақстанның құқықтық жүйесін жетілдіруге маңызды ұсынымдар жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан үшін қорытындылар мен ұсынымдар:

1. Құқықтық сенімділік қағидатын дамыту

Қазақстан Германия мен Ресейдің құқықтық тәжірибесіне сүйене отырып, құқықтық сенімділікті нығайтуға бағытталған ашық және дәйекті интерпретация қағидаларын енгізуі қажет. Бұл азаматтардың құқықтарын қорғаудағы

жүйелілік пен болжамдылықты қамтамасыз етіп, құқық қолдану практикасына деген сенімді арттырады.

2. Конституциялық Соттың рөлін күшейту

Құқықтық елдердің Конституциялық Соттың үлгісіне сүйене отырып, Қазақстанда Конституциялық Соттың рөлін күшейту ұсынылады. Бұл институтты биліктің әртүрлі тармақтары арасындағы белсенді арбитр ретінде позициялау, оның шешімдерін құқықтық жүйеде нақты және тиімді құралға айналдыруға ықпал етеді.

3. Халықаралық стандарттарды интеграциялау

Еуропалық адам құқықтары соты (ЕАҚС) және Украинаның конституциялық реформалар тәжірибесі халықаралық құқықтық стандарттарды енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Қазақстан осы тәжірибелерді ескере отырып, адам құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру мақсатында халықаралық нормалар мен тәжірибелерді құқықтық жүйесіне енгізуі керек.

4. Гибридті тәсілді қолдану

Американдық оригинализм қағидатын континентальдық құқықтық жүйелердің икемділігімен үйлестіру арқылы Қазақстан конституциялық нормалардың тұрақтылығы мен заманауилығы арасындағы тепе-теңдікті сақтай алады. Бұл тәсіл ұлттық құқықтық жүйенің нақты қажеттіліктеріне бейімделуге мүмкіндік береді.

5. Мәдени-тарихи контексті есепке алу

Конституциялық нормаларды түсіндіруде ұлттық мәдениет пен тарихи ерекшеліктерді ескеру маңызды. Құқықтық жүйенің тиімділігі үшін кез келген модель қоғамның дәстүрлері мен құндылықтарын интеграциялауы қажет. Бұл тәсіл

құқықтың ұлттық сипатын сақтай отырып, оның әмбебап қағидаттарға сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан конституциялық құқық саласындағы сот интерпретациясының эволюциясы мен халықаралық тәжірибелерді талдай отырып, құқықтық жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа қадамдар жасай алады. Бұл бағытта құқықтық сенімділік, Конституциялық Соттың рөлін күшейту, халықаралық стандарттарды интеграциялау және құқықтық нормаларды бейімдеудің гибридті тәсілдері басымдыққа ие болуы тиіс.

Бұл ұсыныстар құқықтық жүйенің тұрақтылығын, ашықтығын және азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қорытынды

Конституциялық құқықтағы сот интерпретациясының эволюциясы құқықтық реттеудің динамикасын бейнелеп қана қоймай, судьялардың көзқарасын әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени ортадағы өзгерістерге икемдеудің маңызды құралына айналды. Түсіндірудің негізгі теорияларын талдау арқылы соттардың декларативті және формалистік әдістерден икемді әрі шығармашылық тәсілдерге көшкенін байқауға болады. Бұл өзгеріс оларға құқықтық нормалардағы олқылықтарға, қақтығыстарға және белгісіздіктерге тиімді жауап беру мүмкіндігін берді.

Сот интерпретациясының эволюциясы оның негізгі кезеңдерінде түрлі теориялық модельдер арқылы көрініс тапты:

Декларативті теория. Бұл теория сот интерпретациясының ең бастапқы сатысын сипаттайды,

онда судья заң мәтінінің әрпіне қатаң сүйене отырып, құқықты тек «анықтау» және қолдану міндетін атқарады. Мұндай тәсіл судьялардың шығармашылық әрекеттерін шектеп, олардың қызметін тек заң шығарушының еркімен үйлесетін деңгейде қалдырды.

Құқықты еркін іздеу теориясы (Ф. Жени). Бұл теория позитивті құқықтың толық әрі мінсіз бола алмайтынын мойындап, судьяны құқықтық олқылықтар мен белгісіздіктер жағдайында шығармашылық шешім қабылдауға мәжбүр етеді. Жени заңды түсіндіруде жалпы құқықтық принциптердің жетекшілік рөлін ерекше атап өтеді, алайда заң шығарушы ерікке қайшы келу мүмкіндігін (*contra legem*) үзілді-кесілді жоққа шығарады.

Сындарлы заң шығару теориясы. Бұл теорияның негізінде күрделі және жанжалды жағдайларда судья тек құқықтық нормаларды түсіндіріп қана қоймай, құқықтық тәртіптің жүйелік және функционалдық тұтастығы аясында жаңа құқықтық мазмұн қалыптастыруы тиіс деген идея жатыр. Соттың қызметі осылайша құқықтық тәртіптің белсенді қатысушысы ретінде қайта қарастырылады.

Интегративті интерпретация. Бұл тәсіл моральдық, әлеуметтік және саяси факторларды ескеру қажеттілігіне назар аударады, нәтижесінде сот қоғамдағы мүдделердің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін институт ретіндегі рөлін атқарады. Мұндай интерпретация сот шешімдеріне барынша көпшілік қолдауын қамтамасыз ете отырып, заң үстемдігі мен әділеттіліктің мызғымас қағидаларын сақтауды көздейді.

Сот интерпретациясының эво-

люциясы оның икемділік пен шығармашылыққа қарай ұмтылысын көрсетеді, бұл биліктің бөлінуі қағидаттарымен шектеліп отырады. Бұл процесс құқықтық және әлеуметтік шындықтардың күрделілігін ескере отырып, мүдделер тепе-теңдігін қамтамасыз

ететін соттардың құқықтық тәртіп кепілі ретіндегі рөлінің артуын растайды. Құқықтық түсіндірудің жаңа әдістері қоғамдағы әділеттілікті нығайтып, құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен бейімділігін қамтамасыз етеді.

Әдебиет тізімі:

1. Краснов М.А. Толкование Конституции как ее фактические поправки // Сравнительное конституционное обозрение. 2016. Том 2. № 1 (110). С. 77-91.
2. Булыгин Е.В. Понятие действительности. Избранные работы по теории и философии права. СПб: Алет-Пресс, 2016. 283 с.
3. Беккариа Ч. О преступлениях и наказаниях [1864]. М.: Инфра-М, 2004. С. 92-94 [§ IV].
4. Blackstone W. Commentaries on the Laws of England. In 4 books [1765-1770]. Book I: Of the Rights of Persons. Oxford: Oxford University Press, 2016. P. 172, 52 [§ 258, 69].
5. Гамильтон А. Федералист № 78 // Федералист: Политические эссе А. Гамильтона, Дж. Мэдисона и Дж. Джея. М.: Прогресс-Литера, 1994. С. 503-507.
6. Кардозо Б. Природа судейской деятельности. М.: Статут, 2017. С. 85.
7. Dworkin R. Natural Law Revisited // University of Florida Law Review. 1982. № 34. P. 165.
8. Frank J. Courts on Trial. Myth and Reality in American Justice. 2nd print. Princeton: Princeton University Press. 1950. P. 182.
9. Austin J. The Province of Jurisprudence Determine. London: Spottis-wode & Co. 1861. Vol. 2. P. 655.
10. Vasilescu P. L'oeuvre de François Géný et ses résultats // Recueil d'etudes sur les sources du droit en l'honneur de François Géný. Paris, 1934. P. 50.
11. Barak A. The Judge in a Democracy. Princeton: Princeton University Press, 2006. 352 p.
12. Sunstein C.R. Legal Reasoning and Political Conflict. Oxford: Oxford University Press, 2018. 240 p.
13. Jackson V.C. Constitutional Engagement in a Transnational Era. Oxford: Oxford University Press, 2010. 320 p.
14. Rosenfeld M. The Identity of the Constitutional Subject: Selfhood, Citizenship, Culture, and Community. London: Routledge, 2010. 276 p.

© Д.Б. Махамбетсалиев¹, 2025

¹ Школа частного предпринимательства «Crown Study and Travel», Алматы, Казахстан
(e-mail: ¹makhambetsaliyev98@gmail.com)

ЭВОЛЮЦИЯ СУДЕБНОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: АНАЛИЗ ОСНОВНЫХ ТЕОРИЙ В КОНСТИТУЦИОННОМ ПРАВЕ

Аннотация. В статье рассматривается эволюция судебной интерпретации в науке конституционного права в рамках трех основных теорий: теории обнаружения, теории создания и теории создания в проблемных зонах. Эти теории характеризуют методологические основы правовой интерпретации, раскрывая роль судебной деятельности в толковании правовых норм. Теория обнаружения утверждает, что правовые нормы имеют объективное значение и что задача суда — найти и обнародовать их. Теория создания показывает, что норма права не имеет изначального смысла и ее необходимо формировать посредством толкования со стороны суда. Теория создания в проблемных зонах подчеркивает роль судов в заполнении правовых пробелов, устраняя разрыв между этими двумя подходами.

Теория обнаружения утверждает, что правовые нормы обладают объективным и predetermined значением. Согласно этой теории, задача судьи заключается лишь в том, чтобы выявить и сформулировать это значение через интерпретацию, в то время как правовому творчеству не остается места. Теория обнаружения направлена на обеспечение правовой стабильности и введение объективности в решения судьи.

Теория создания принципиально отличается от данной точки зрения тем, что предоставляет судье право на творческую роль. В этой теории интерпретация рассматривается не только как средство раскрытия содержания нормы, но и как механизм формирования новых правовых норм. Особенно в условиях правового разрыва активная роль судьи приобретает особое значение, поскольку создает новые нормы для заполнения пробелов в правовой системе.

Теория создания в проблемных зонах занимает промежуточную позицию между двумя подходами. Она утверждает, что судьи формируют новые нормы лишь в тех случаях, когда позитивное право не предоставляет четкого и точного ответа. Этот подход направлен на обеспечение гибкости правовой системы и достаточности правового регулирования, а также стремится ограничить творческую роль судьи только в необходимых рамках.

Ключевые слова: судебная интерпретация, конституционное право, теория обнаружения, теория создания, проблемные зоны интерпретации, эволюция правосудия.

© D.B. Makhambetsaliyev¹, 2025

¹School of private entrepreneurship «Crown Study and Travel», Almaty, Kazakhstan
(e-mail: ¹makhambetsaliyev98@gmail.com)

THE EVOLUTION OF JUDICIAL INTERPRETATIVE ACTIVITY: AN ANALYSIS OF THE MAIN THEORIES IN CONSTITUTIONAL LAW

Abstract. The article examines the evolution of judicial interpretation in constitutional law through three main theories: the theory of discovery, the theory of creation, and the theory of creation in problem areas. These theories characterise the methodological foundations of legal interpretation, revealing the role of judicial activity in the interpretation of legal norms. The theory of discovery asserts that legal norms possess an objective meaning and that the court's task is to find and publicise them. The theory of creation

indicates that a legal norm lacks an inherent meaning and must be formed through court interpretation. The theory of creation in problem areas emphasises the role of courts in filling legal gaps, bridging the divide between these two approaches.

The theory of discovery posits that legal norms possess an objective and predetermined meaning. According to this theory, the judge's role is merely to identify and articulate this meaning through interpretation, leaving no room for legal creativity. The theory of discovery aims to ensure legal stability and introduce objectivity into judicial decisions.

In contrast, the theory of creation fundamentally differs from this perspective by granting judges the right to adopt a creative role. In this theory, interpretation is viewed not merely as a means of uncovering the content of a norm but also as a mechanism for forming new legal norms. Particularly in situations of legal gaps, the active role of judges becomes especially significant, as they create new norms to fill voids in the legal system.

The theory of creation in problematic areas occupies an intermediary position between two approaches. It asserts that judges formulate new norms only when positive law does not provide a clear and precise answer. This approach aims to ensure the flexibility of the legal system and the sufficiency of legal regulation, while also seeking to restrict the creative role of judges to necessary bounds.

Keywords: judicial interpretation, constitutional law, theory of discovery, theory of creation, problematic areas of interpretation, evolution of justice.

References:

1. Krasnov M.A. *Tolkovanie Konstitucii kak ee fakticheskie popravki // Sravnitelnoekonstitucionnoe obozrenie*. 2016. Tom 2. № 1 (110). S. 77-91.
2. Bulygin E.V. *Ponyatie dejstvennosti. Izbrannye raboty po teorii i filosofii prava*. SPb: Alef-Press, 2016. 283 s.
3. Bekkaria Ch. *O prestupleniyah i nakazaniyah [1864]*. M.: Infra-M, 2004. S. 92-94 [§ IV].
4. Blackstone W. *Commentaries on the Laws of England*. In 4 books [1765-1770]. Book 1: *Of the Rights of Persons*. Oxford: Oxford University Press, 2016. P. 172, 52 [§ 258, 69].
5. Gamilton A. *Federalist № 78 // Federalist: Politicheskie esse A. Gamiltona, Dzh. Medisona i Dzh. Dzheya*. M.: Progress-Litera, 1994. S. 503-507.
6. Kardozo B. *Priroda sudejskoj deyatel'nosti*. M.: Statut, 2017. S. 85.
7. Dworkin R. *Natural Law Revisited // University of Florida Law Review*. 1982. № 34. P. 165.
8. Frank J. *Courts on Trial. Myth and Reality in American Justice*. 2nd print. Princeton: Princeton University Press. 1950. P. 182.
9. Austin J. *The Province of Jurisprudence Determine*. London: Spottis-wode & Co. 1861. Vol. 2. P. 655.
10. Vasilescu P. *L'oeuvre de Francois Geny et ses resultats // Recueil d'etudes sur les sources du droit en l'honneur de Francois Geny*. Paris, 1934. P. 50.
11. Barak A. *The Judge in a Democracy*. Princeton: Princeton University Press, 2006. 352 p.
12. Sunstein C.R. *Legal Reasoning and Political Conflict*. Oxford: Oxford University Press, 2018. 240 p.
13. Jackson V.C. *Constitutional Engagement in a Transnational Era*. Oxford: Oxford University Press, 2010. 320 p.
14. Rosenfeld M. *The Identity of the Constitutional Subject: Selfhood, Citizenship, Culture, and Community*. London: Routledge, 2010. 276 p.

Автор туралы мәліметтер:

Махамбетсалиев Даурен Бахтыбайұлы - заң ғылымдарының магистрі, «Crown Study and Travel» жеке кәсіпкерліктегі еуропалық және ағылшын мектептерінің заңгері, Бөгенбай батыр көшесі, 150, 050012, Алматы, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1099-8137>;

Researcher ID WOS: AHD-8623-2022;

Scopus Author ID: 60097310700;

e-mail: makhambetsaliyev98@gmail.com.

Алғыс. Автор сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

Дәйексөз келтіру үшін. Махамбетсалиев Д.Б. Сот интерпретациясының эволюциясы: конституциялық құқықтағы негізгі теорияларды талдау // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2025;80(4): DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_4_469.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын туралы мәлімдейді.

Қаржыландыру көзі. Автор зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығын туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 07.01.2025; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 10.07.2025; басып шығаруға қабылданды: 23.12.2025.

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

Сведения об авторе:

Махамбетсалиев Даурен Бахтыбайұлы - магистр юридических наук, юрист европейских и английских школ частного предпринимательства «Crown Study and Travel», улица Бөгенбай батыра, 150, 050012, Алматы, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1099-8137>;

Researcher ID WOS: AHD-8623-2022;

Scopus Author ID: 60097310700;

e-mail: makhambetsaliyev98@gmail.com.

Благодарности. Автор выражает благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

Для цитирования. Махамбетсалиев Д.Б. Эволюция судебной интерпретационной деятельности: анализ основных теорий в конституционном праве // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2025;80(4): DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_4_469.

Информация о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Источник финансирования. Автор заявляет об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию: 07.01.2025; поступила после рецензирования: 10.07.2025; принята в печать: 23.12.2025.

Information about author:

Makhambetsaliyev Dauren Bakhtybayuly - master of Laws, lawyer at the European and English schools of private entrepreneurship «Crown Study and Travel», 150 Bogenbai Batyr Street, 050012, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1099-8137>;

Researcher ID WOS: AHD-8623-2022;

Scopus Author ID: 60097310700;

e-mail: makhambetsaliyev98@gmail.com.

Acknowledgements. The authors would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

For citation: Makhambetsaliyev D.B. The evolution of judicial interpretative activity: an analysis of the main theories in constitutional law // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2025;80(4): DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_4_469.

Conflict of interest statement. The author declares that there is no conflict of interest.

Funding. The autor received no specific funding for this work.

Received: 07.01.2025; revised: 10.07.2025; accepted for publication: 23.12.2025.

The authors has read and approved the final manuscript.